

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «Б» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы
I апта (9-13 қараша 2020 жыл)

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Аманжеева А.Ж

Тәрбиеші: Бекмырза Ж.Н

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 09.11	Сейсенбі 10.11	Сәрсенбі 11.11	Бейсенбі 12.11	Жұма 13.11
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен кеңе кенес, әңгімелесу.	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оның жетістіктері туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және				
Таңертенгі жаттығу	Таңертенгі жаттығу кешені № 5				
Ойындар, (үстел үсті, саусак жаттығулары)	қ.с. № 18. Картотека « Сөзге сөз қос»	қ.с. № 13 Картотека Нан қалай жасалады?	№ 6 картотека. Дидактикалық ойын: «Жиһаздар»	Қ.с. № 5 картотека. Ертегі құрастыру.	№ 4 картотека. Дидактикалық ойын: «Қайсысы қайда тіршілік етеді?»
Мектеп кестесі бойынша УОҚ	<p>1. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Қ» дыбысы мен әрпі Мақсаты: Қ әрпімен таныстыру, дыбыстардың әртүрлі айтылатынын ұғындыру. Әріптерді дұрыс жаза білуге қол моторикасын дамыту. Педагог тақтаға ұлттық бұйымдарды әкеліп қояды. Балалар, сендер не көріп отырсындар? Дұрыс айтасыздар. Мұның бәрі – қазақтың ұлттық бұйымдары. Мына киіз үй неден жасалған? Ал мынау не? Сырмақ неден жасалған? Балалар, мына сырмақ қандай ою-өрнектермен әшекейленген? Сырмақты, киіз үйді қойдың жүнінен жасайды. Сырмақтың бетін неше түрлі ою өрнектермен әшекейлейді. Ою-өрнектердің атын атап</p>	<p>1. Математика негіздері Тақырыбы: Ұзындық. Шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру Мақсаты: Топтардағы заттарды алып тастап немесе қоса отырып ұзындық – заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы ұғым қалыптастыру. салыстыруға арналған заттар (санағыш, қарындаштар, үйшіктер, текшелер,) -Келесі қандай фигура? -Оны таяқшалардан құрастырындар. Қайсысы ұзынырақ? Қалай анықтадыңдар? Одан кейін жануарлардың құйрықтарын ұзындығы бойынша салыстыруды ұсынады. -Құйрықтарды бір-бірінің үстіне салып салыстыра аламыз ба? Олай болса, не істеуге болады? Өлшемді – таяқшаларды (кесектер,</p>	<p>1. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Қ» дыбысы мен әрпі Мақсаты: Қ әрпімен таныстыру, дыбыстардың әртүрлі айтылатынын ұғындыру. Әріптерді дұрыс жаза білуге қол моторикасын дамыту. Жұмбақ: Маңдайы бар, тілі жоқ, Құлағы бар, үні жоқ, Қоймасын қыс ақтарып, Жерді жапты ақ мамық. Қос қолға киемін, Жып-жылы жүремін. Өткен тақырыбымыз Қ дыбысы болатын. Айтыңдаршы, "қ" дыбысы қандай дыбыс, қандай түспен белгілейміз? Тіл ұстарту: Қа-қа-қа – Бақылайды бақа. Қа-қа-қа – Атам берді соқа. Ақ-ақ-ақ – Басыңа қонсын бақ! Гүлденіп кетті бақ.</p>	<p>1. Құрастыру Тақырыбы Менің үйім Мақсаты: Көп қабатты үйлер және ғимараттар туралы балалардың білімдерін кеңейтіп, сызба бойынша құрастыруға, құрылыс материалдарын таңдай білуге үйрету. Балаларға өздері тұратын үйлері жайында әңгімелету. Мекенжайын сұрау. Педагог балалармен бірге бірнеше үйлердің суреттерін қарап, талдау жасайды: -өз үйлерін қалай құрастыруға болатынын ойлануды өтінеді, көз алдарына елестетеді; -әр бала құрылыс материалдарынан өз үйлерін құрастырады, үйдің іргетасы, қабырғалары, төбесі, терезелері т.б. бөліктерін</p>	<p>1. Өзің-өзі тану Тақырыбы: Жақсы қарым-қатынас жасауға үйренеміз. Мақсаты: «Бақыт», «қуаныш», «сүйіспеншілік» құндылықтарының мағынасын түсіндіру. Шаттық шеңбері. Тәрбиеші музыка жетекшісінің сүйемелдеуімен Ә. Дүйсенбиевтің «Қуыршақ» өлеңін балалармен бірге қосылып орындайды. Шаттық шебер жасайды. Балалар өлең айтады. Әңгімелесу. Балалар, қазір орындалған «Қуыршақ» өлеңінен не түсіндіңдер? Дұрыс айтасыздар,</p>

<p>беріндер.</p> <p>– Дұрыс, балалар, біз қазақ халқының, өз халқымыздың ою-өрнектерімен, сырмақпен таныстық.</p> <p>Сырмақ – өрнектелген төсеніш.</p> <p>– Балалар, бүгін біз «Қ» дыбысымен танысамыз. Дыбысты біз естейміз. Мысалға, қолымызды шапалақтасақ, үстел үстін ұрсақ, дыбыстар естіледі.</p> <p>– Кәне, бәріміз «Қ» деп айтайық.</p> <p>«Қ» – дауыссыз дыбыс.</p> <p>Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?</p> <p>– Енді өздерің «Қ» дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтыңдар.</p> <p>– Дұрыс айтасыңдар. Мен бір өлең шумағын оқимын, қай сөзде «Қ» дыбысы бар екенін еске сақтап отырыңдар.</p> <p>– Құлыншағым – құндызым, Құлдырайды, шабады. Жылтылдаған жұлдызым, Құстай қанат қағады.</p> <p>І.Жансүгіров</p> <p>Сергіту сәті</p> <p>«Ойлан тап» дидактикалық ойыны. Ойын шарты: педагог жұмбақ жасырады, балалар жұмбақтың жауабын тауып, сөйлем құрайды.</p> <p>Жұмбақ:</p> <p>Кіруге адам батпайды, Аман-есен сақтайды.</p> <p>– «Сандық» сөзінде «Қ» дыбысы қай жерде кездеседі?</p> <p>– Сандықтың ішіне не салады, үстіне не жинайды?</p> <p>Балалар «Сандық» сөзін қатыстырып, сөйлем құрайды.</p> <p>Жұмбақ:</p> <p>Арқауы бар қос қалта,</p>	<p>«Лего» құрастырмасының бөлшектерін және т.б.) ұсынады. Қалай өлшеу керек екені туралы ойланайық. Балаларға өлшеу ережесін белгілеуге көмектеседі: өлшемдерді бірінен соң бірін, арада бос орын қалдырмай орналастырып, санау керек.</p> <p>Сергіту сәті</p> <p>Орман алаңында</p> <p>Көк шалғында</p> <p>Қоңыз жорғалайды,</p> <p>Кесіртке секіреді,</p> <p>Көбелектер қалықтайды, Гүлден-гүлге қонақтайды.</p> <p>1-тапсырманы орындауды ұсынады. Оны орындау үшін «Лего» конструкторының бөлшектері пайдаланылған.</p> <p>2-тапсырма.</p> <p>Қызыл қарындаш жасыл қарындаштан ұзынырақ заттардың ең биігінен, ең аласасына қарай сызып қосуды ұсынады. Ең аласа заттарды бояйды.</p> <p>3-тапсырманы орындау.</p> <p>Заттарды ең қысқасынан ең ұзынына қарай сызып қос.Ең ұзын заттарды боя.</p> <p>2.Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: Шаштараз</p> <p>Мақсаты: Шаштараз мамандығы туралы түсінік беру.Өр мамандықтың қажет екені туралы білімдерін кеңейту.Өлеңді жатқа айта білуге дағдыландыру.Ұқыптылық,тазалық туралы түсінік беру.Дені сауудың тәні сау мағынасын түсіндеру.</p> <p>– Балалар, таза, ұқыпты бала деп қандай баланы айтамыз?</p> <p>– Енді «ұқыпты бала» дегенге мағынасы карама-қарсы сөз</p>	<p>Дидактикалық ойын:"Жалпы атауын ата".</p> <p>Педагог балаларға допты лақтырып, сөздер айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама атауын айтады. Қ дыбысының нешінші тұрғанын табады.</p> <p>Мысалы: Қызыл, жасыл, сары, көк – түстер. Қоян, қасқыр, түлкі – Қас, көз, қол – Қызғалдақ, түймедақ, раушан – Май, шай, нан –</p> <p>Сергіту сәті:</p> <p>Қанатымды жазамын, Жоғары-төмен қағамын.</p> <p>Биік көкте айналып, Жұлдыздай жылдам ағамын.</p> <p>– Балалар, қазір мен Қ.Мырза Әлидің «Құттықтау» өлеңін оқимын. Өлең жолдарында "қ" дыбысы естілсе, қол шапалақтай отырыңдар.</p> <p>Қуанышы баланың – Қуанышы ананың. Қуанышы ананың – Қуанышы баланың.</p> <p>Бізді өсірген апатай, Еңбегің де зор екен. Құтты болсын "апатай", Құтты болсын мерекен!</p> <p>Жұмыс дәптер орындату.</p> <p>2.Көркем әдебиет</p> <p>Тақырыбы: Әдептілік әлемі</p> <p>Мақсаты: Әдептілік әлемі туралы түсінік беру.Әдепті болу әр адамның өз қолында екенін түсіндіру. Үлкендерге,кішілерге көмек беруге тәрбиелеу.</p> <p>Шаттық шеңбері</p> <p>Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!</p>	<p>нақтылап алады;</p> <p>-үйдің айналасында не бар екенін бейнелеу үшін қағаздар, ұсақ ойыншықтар т.б. беріледі.</p> <p>үйді құрастыруда құрылыс материалдарын тандау, түстерін үйлестіру, кеңістікте дұрыс орналастыру және оның беріктігіне көңіл бөлінеді.</p> <p>Сергіту сәті</p> <p>Біздің үйде ән тарап, Думандатар өмірді.</p> <p>Біздің үйде салтанат, Біздің үйде көңілді.</p> <p>Балалар жұмыстарын жалғастырады. Балалардың жетістіктерін мадақтап қорытынды жасайды</p> <p>2.Дене шынықтыру</p> <p>Тақырыбы:Бізбен бірге және бізден артық орында (Ауада)</p> <p>Мақсаты: Балаларға үздіксіз баяу жүгіру, сапта тұрып, допты асыра лақтыру жаттығулары дұрыс жасауды үйрету. Секіру және жүгіру жаттығулары қайталату.</p> <p>Негізгі кезең</p> <p>Тізбекке бір-бірден тұрғызып, кәдімгі жүріс түрін орындатады.Орташа қарқынмен тізелерін жоғары көтертіп жүгірту. Жеңіл, ырғақпен жүреді. Дене бітімдерін, бастарын түзу ұстайды.</p> <p>Малдас құрып отырып, бір-біріне допты бастан асыра лақтыруға және допты саусақтарын ашқан күйде қағып алуға үйрету. Екі</p>	<p>балалар! Бұл өлеңнен «Қуыршақтың» қырсық мінезін, ешкіммен тіл табыса алмайтындығын байқадық .</p> <p>Өмірде осы «Қуыршақ» сияқты балалар бола ма? Болса олармен достасу, бірге ойнау сендерге көңілді ме?</p> <p>Біз «Өзін- өзі тану» сабақтарында адам бойындағы жақсы қасиеттермен танысып, ол жақсы қасиеттерге үйренудеміз. Ендеше, біз бүгін сабағымызда адамдармен, айналақоршаған ортамен қарым- қатынас жасаудың сырымен танысып, сол қасиеттерге үйренеміз Әңгімелеу.</p> <p>Тәрбиеші балаларға В.А. Сухомиллинскийдің «Жалғыз алма» әңгімесін балаларға оқып береді. Тәрбиеші сұрақтар қояды.</p> <p>Қыздар неліктен алманы бөлісе алмады? Қыздардың орнында өздерің болсаңдар не істер едіңдер? қорытындылайды.</p> <p>- балалар, денелеріңді түзу ұстап, бастарыңды жоғары көтеріп, ыңғайланып отырыңдар. Көздеріңді жұмсаңдар да болады. ауаны тереу жұтып, еркін тыныс алыңдар. Өздеріңнің тыныс алуларыңды бақылап, бақытқа, махаббат мен тыныштыққа толы таза,</p>
--	--	---	--	---

Ажыраға алмайды.
Атам қайда жол тартса,
Қанжығадан қалмайды.

– «Қоржын» сөзінде «Қ» дыбысы қай жерде кездесіп тұр?

– Қоржынды білесіңдер ме? Ол – жолға шыққанда қауын, қарбыз, азық-түлік салып таситын, аттың, түйенің үстінде жүретін қазіргі сөмке сияқты құрал.

– Енді «қоржын» сөзін қатыстырып, сөйлем құраңдар.

– Балалар, сендер «Қ» дыбысы сөздердің қай жерінде кездессе де, таба алатын болдыңдар. Жұмыс дәптерді орындату. Қорытындылау.

2. Жаратылыстану
Тақырыбы: Аңдар қысқа қалай дайындалады?
Мақсаты: Аңдардың қысқы мекені. Жануарлардың қысқы өмірлерімен таныстыру және түсініктерін қалыптастыру. Олардың өміріндегі өзгерістерді және тіршіліктері туралы ой-қабілеттерін дамыту.
Ауа райы қалай өзгерді?
Күзден кейін қандай жыл мезгілі келеді?
Күздің белгілерін атап көрсетеді: Аспан күңгірттеніп, тұнжырайды; күн ұясынан көп шықпайды, бұрынғыдай жылуын шашпайды; жаңбыр көп жауады; жапырақтар сарғаяды және төгіліп түседі; адамдар жылы киінеді; құстар жылы жақтарға ұшып кетеді. Адамдар қысқа қалай дайындалады? Ал жануарлардың қысқа дайындығы жайлы не білесің? Өліппе-дәптердегі тапсырмалар педагог суреттерді қарап шығып, құстардың қысқа қалай

айтыңдаршы?
– Сендер өздеріңді қандай балаға жатқызар едіңдер?
– Өздерің таза жүресіңдер ме?
Жұмбақтар шешу:
1. Ертемен күнде сен,
Қолыңды сүйкесен,
Кетіп кір, ласың,
Тап-таза боласың. Бұл не? (Сабын)
2. Шомылған баланы,
Аймалап алады.
Сүйеді қолын да,
Сүртеді жанын да.
Бұл не? (Сүлгі)
Сергіту сәті:
Қанатымды жазамын,
Жоғары-төмен қағамын.
Биік көкке айналып,
Жұлдыздай жылдам ағамын.
– Балалар, мен Әнуарбек Дүйсенбиевтің «Шаштараз» өлеңін оқып беремін. Сендер суретке қарап жаттап алуға және өлең ішінен түбірлері бір сөздерді тауып айтуға тырысыңдар.
Шаштараз
Ұжымшарға жаңадан,
Келген еді шаштараз.
Өзі сондай таза адам,
Өсіп кеткен шашқа араз.
Кім бөлмесе көңілін,
Өсті екен деп баста шаш.
Салақ болса кімде-кім,
Соны ұнатпас шаштараз.
Ал ұқыпты баланы
Өте жақсы көреді.
Шашын сәндеп алады,
Жұпар сеуіп береді.
Өлеңді суретке қарап, қайталату арқылы жаттату.

3. Сурет салу.
Тақырыбы: Сазбалшықтан жасалған табақ (Акварель бояу)
Мақсаты: балаларға ою-өрнек элементтерін қолдана отырып табақты сәндеуді үйрету, тузу сызықтардың түрлі байланыстарымен құрылған

- Балалар, «әдептілік» деген сөзді қалай түсінесіңдер?
- Әдептілік деп үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, тазалықты сүю, достарын ренжітпей ойнау, қиын кезде көмектесуді айтамыз.
- Бүгін біз Ермек Өтетілеуұлының «Әдептілік әлемі» өлеңімен танысамыз.
Қарсы ал ерте күн көзін,
Төсегіңді жина өзін.
Асықпай іш тамақты,
Жина аяқ-табақты.
Сұрақ-жауап:
- Өлең қалай аталады?
- Өлең сендерге ұнады ма? -
Өлеңде не туралы айтылған?
- Асты қалай ішу керек?
(Асықпай ішкен ас сіңімді болады).
- Ас ішкен соң не істеу керек?
(Ыдыс-аяқты жинаймыз).
- Әдепті бала деп қандай баланы айтамыз?
Сергіту сәті
Көшелерден біз өткен,
Ата көрсем, жақын кеп,
Сәлем берем ізетпен.
Алдан әже жолықса,
Бөгелем де әдейілеп,
Сәлемдесем сол тұста: «Есенсіз бе, әжей?» – деп.
- Өлеңді қайталап, есімізге түсірейік.
Өлең шумағындағы сөздерді және аяқ-табақ сөзінің мағынасын қайталау. 2-3 балаға өлеңді мәнерлеп жатқа айтқызу.
Дәптермен жұмыс:
- Суретте не бейнеленген?
- Баланың әрекетін ретімен ата.
- Суретте саған не ұнады?
Өз ойыңды айт.
- Бала кімге кездесті?
Ол қандай әрекет жасады?
- Бала қолындағы допты кімге

тізбекке сапқа тұрады (арақашықтығы – 2,5 метр).

Бір бүйірмен арқаннан екі аяқпен секіруге жаттықтыру (**4 рет**).
тұрып, ширақ секіруге тырысады.
Ойын: «Орындарыңды ауыстырыңдар». (6 рет). Зал ортасына арқан төсейді, осылайша зал екіге бөлінеді. Әр команда залдың екі шетінде тұрады. «Қаш!» деген белгі бойынша өз алаңдарынан қарама-қарсы алаңға шашырап жүгіреді. Ойыншылары толық екінші алаңға өткен команда жеңімпаз атанады.

3. Апликация:
(Сюжеттік апликация)
Тақырыбы: Теңіз асты патшалығы.
Мақсаты: ірі бөлшектерді өзіне тән ұсақ бөлшектермен толықтыра отырып балық бейнесін жапсыруға үйрету. Пішіндердің шеттерін қию, іскерліктерін жетілдіру.

Жылулық шеңбері
(психологиялық минут).
Педагог жайлы дауыспен, көздерін жұмып ұйқыға кететіндерін, бәрі бірдей түс көретіндерін айтады.
– Мөлдір, тұнық су...
– Сендер су астында жүзіп жүресіңдер...
– Жан-жақтарыңда керемет түрлі балықтар... т.б. Педагог:

шипалы ауаның тұла бойларыңа толғанын сезініңдер. Ал енді көздеріңді ашсаңдар да болады.
Ойын: «Қуыршақ сөйлейді».
Мақсаты: Топтағы балалардың жақсы жағымды қарым-қатынастарын қалыптастыру.
Сергіту сәті.
«Сұр кояң»

2. Музыка
Тақырыбы: «Гүлдене бер, Астана»
Мақсаты: Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажырату
Тыңдау: «Балалық шақ әлемі».
(муз. М. Күзембаев, Г. Жотаева)
Ән айту. «Балдырғандар әні» (муз мен сөзі Г. Жотаева)
Тыңдау: «Балалық шақ әлемі».
(муз. М. Күзембаев,
Музыкалық ырғақты қозғалыс «Соқыртеке»

3. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері
Тақырыбы: .
Табиғаттағы қауіпсіздік ережелері
Мақсаты: Жолда жүру ережелеріне мағлұматтар

<p>дайындалатынын, ненің көмегімен қорғанатынын айтып беруді ұсынады.</p> <p>Суретті қарап шығып, онда бейнеленген жануарлардың атауын атайды және олардың қысқа қалай дайындалатынын айтып береді.</p> <p>Мысалы, кірпі күзде інін дайындайды, ішіне мүк пен құрғақ жапырақ төсейді. Жапырағы құрғақ жерді таңдап алып, сол жерге ары-бері домалайды. Инесіне жапырақтарды қадап алғаннан кейін, ініне апарып тастайды да, қайтадан жүгіреді. Кірпілер тамағын түнде аулайды. Күзде жақсылап қоректеніп, семіріп алады. Бұл – оның қысқа дайындығы. Енді ініне кіріп, көктемге дейін ұйықтауына болады. Кірпі қыста ұзақ ұйқыға кетеді. Балалар аюдың да жаз бойы және күзде жақсылап қоректенетінін айтады. Бірақ ол қор жинамайды. Сондықтан аюға кірпі сияқты азық жинап, тойып тамақ жеп, қысқа май жинаудың қажеті жоқ. Қыста аюдың апанын қалың қар басып тастайды. Оның іші жыпжылы болып тұрады.</p> <p>Аюдың кірпіге ұқсастығы қандай? Ал айырмашылығы неде? (Екеуі де қыста қалың ұйқыға кетеді, жаз бен күзде жақсылап тамақтанады, содан соң аю апанына, кірпі ініне кіріп ұйықтайды). Аю немен қоректенгенді жақсы көреді? (Таңқурай, бал, ағаш қабығы, балық, құстар мен құмырсқаларды жейді). Кірпі жаз бойы немен қоректенеді? (Бақа, жылан, құмырсқа). Қасқырдың жүні жазда және күзде ұзарып өседі, қалыңдап, жып-жылы «тонға» айналады. Бұл қасқырға ауадай қажет. Өйткені ол тұмсығы мен</p>	<p>қазақтың ою-өрнектерінің суретін салу тәсілдерімен таныстыру.</p> <p>Балалар, мына суретте не көріп тұрсындар?</p> <p>– Табаққа қандай тағамды саламыз? Расында да, бұл табаққа ұлттық тамақ – етті салады.</p> <p>Сондықтан табақ әр үйде болуы керек. Қылқалам мен акварель бояуын пайдалана отырып, әсем табақтарды әдемі өрнектермен әшекейлейік.</p> <p>Бірінші дөңгелек саламыз, сосын табақтың ішкі жақтауын саламыз, ал енді осы жақтауды әсем ою-өрнектермен әшекейлейік.</p> <p>«Қошқармүйіз», «қызғалдақ», «ботамойын» т.б. өрнектерді салу жолдарын қағазға педагог салып көрсетеді, балалар өздері қалауы бойынша өрнектерді тандайды және әшекейлейді.</p> <p>Сергіту сәті</p> <p>Алға қарай жүреміз – 1, 2, 3, Артқа жүреміз – 1, 2, 3, Оңға қарай жүреміз – 1, 2, 3, Солға қарай жүреміз – 1, 2, 3, Орнымызда секіреміз – 1, 2, 3, Өз орнымызды табамыз – 1, 2, Балалар жұмыстарын жалғастырады. Балалармен жеке жұмыс жүргізіп, қорытындылау.</p> <p>4.В.к Ұлттық ойындар.</p> <p>Тақырыбы: Шеберхана</p> <p>Мақсаты: Ойындарға бетбейнелер жасау. жұмысты таза, ұқыпты, жұмысты бірігіп жасауға тәрбиелеу.</p> <p>Шаттық шеңбері</p> <p>Достар бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, күлеміз. Бірге балық аулаймыз Міне , біздер қандаймыз! Орман , көлге, шыңғ біз Сяхатқа шығамыз.</p>	<p>ұсынды?</p> <p>- Сен болсаң қандай әрекет жасар едің? Қорытындылау.</p> <p>3.Орыс тілі:</p> <p>Тема: «Моя семья»</p> <p>Цель: отвечать на элементарные вопросы жестами (например, указав на предмет или картинку), словами и короткими фразами. Ориентироваться на странице прописи, различать рабочую строку и межстрочное пространство, рисовать узоры. Использовать слова, обозначающие действия предметов.</p> <p>Утрений круг</p> <p>Собрались все дети в круг Я-твой друг и ты-мой друг! Дружно за руки возьмемся И друг другу улыбнемся</p> <p>Дети собираются в круг, приветствуют друг друга улыбкой.</p> <p>ИУ»Повторялочка»</p> <p>Дети встают в круг. Педагог бросает мяч, называет слова на родном языке по прошедшей теме. Дети слушают, ловят мяч, называют слова на русском языке. Возвращают мяч педагогу.</p> <p>Знакомство с новыми словами. Педагог называет членов семьи.</p> <p>Физкультминутка</p> <p>Работа в азбуке-тетради.</p> <p>Задание №1</p> <p>Рассмотри картинку. Расскажи, кто, что делает. Составь рассказ о своей семье.</p> <p>Задание №2</p> <p>Раскрась шары: шар мамы в красный цвет, папы-в желтый, брата-в синий, сестры-в зеленый. подводит итог, поощряет детей.</p>	<p>«1, 2, 3», – деп санайды.</p> <p>Суретті қолдана отырып балықтардың тіршілігімен, сан алуан түрімен таныстырады: сазан, бекіре, мөңке, жайын т.б.</p> <p>Педагог балалармен әңгіме жүргізеді. Теңіз астында біз көрмеген көптеген тіршілік иелері мекендейді, олардың тіршілігі біз үшін беймәлім және қызық. Біз оларды көбінесе теледидардан көріп, журналдардан оқимыз.</p> <p>Балықты өзіміздің ауылдағы өзен суларынан да кездестіреміз.</p> <p>– Суда жүзіп жүрген балықтарды көргендерің бар ма?</p> <p>– Хайуанаттар бағында болдыңдар ма? Хайуанаттар бағында жан-жануарлар, құстар, аңдардың және жәндіктердің түр-түрі бар. Адамдар барып оларды тамашалайды. Міне, сол жерде аквариумдарда неше түрлі балықтар бар. Онда неше түрлі балықтар мен теңіз жәндіктерін күтіп баптайды. Үйде кішігірім балықтары бар аквариумдар болады.</p> <p>– Балалар, кімнің үйінде аквариум бар?</p> <p>Балықтарды қиып жапсырту, қорытындылау.</p> <p>4.В.к Ойнаймыз, ойлаймыз</p> <p>Тақырыбы: Геометриялық фигураламен танысу.</p> <p>Мақсаты: Геометриялық фигуралардың әр түрлі белгілеріне қарай салыстыру.</p>	<p>беру.</p> <p>Балалардың жолда жүруінің тәртіп ережелерін қалыптастыру. Алған білімдерін іс жүзінде қолдануға қызығушылығын тудыру.</p> <p>Шаттық шеңбері</p> <p>Біз қандаймыз, қандаймыз. Шұғылалы шандаймыз. Күлімдеген күндейміз. Ренжуді біз білмейміз, -Суретте не көріп тұрсындар? Суретте табиғаттың бір көрінісі бейнеленген. Біздің еліміздің табиғаты өте сұлу. Сондықтан оны қорғау керек. Сонымен қатар табиғат аясында түрлі қауіпті жағдайлар болады. Серуен немесе саяхат кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау керек</p> <p>Балалар сендер орманда жүру ережесін білесіңдер ме?</p> <p>Балалар:</p> <p>-Орманда шуламау керек.</p> <p>-Бір-бірінен қалмай жүру керек.</p> <p>Айғайлап өлең айтпау керек, себебі құстар, аңдар шошып кетеді.</p> <p>Тақпақтар:</p> <p>Табиғат – біздің анамыз, Табиғатқа баламыз.</p>
---	---	---	--	--

<p>аяқтарын құйрығымен жауып, қардың үстінде ұйықтайды. Қыста түлкінің аяғына қалың, жылы жүн өседі. Бұл оның аяқтарын жылытып тұрады. Былайша айтқанда, түлкінің байпағы бар деуге болады. Ол тышқан аулағанды жақсы көреді. Түлкі тіпті, қардың астында жатқан тышқандарды тауып алып жейді. Балалар «түлкі мен қасқырға тонының түсін ауыстырудың қажеті жоқ» деген болжам жасайды. Ал қоян тонының түсін өзгертеді. Алдымен құйрығы, кейін артқы аяқтарының түсі ағарады. Балалар қоянның не үшін тонының түсін ауыстыруы қажеттігін, оның кімнен қорқып, жасырынатынын сөз етіседі. Қоян ешқашан ін қазбайды. Күндіз ол бұталардың түбінде ұйықтайды. Ал күн суытқан кезде үйілген қардың арасына кіріп алады. Өйткені ол жер өте жылы болады. Түнде қорек табуға шығады. Тиін де тонын жылы тонға ауыстырады. Ал өзі бұталардың арасынан шұңқыр қазып, соған жаңғақ жинайды. Ал үйшігінің ішіне құрғақ жапырақ төсейді; ағаш діңіне салынған қуыстың бір ғана аузы болады. Күн қатты суытқан кезде тиін оны құйрығымен жауып тастайды. Сергіту сәті Ормандағы аюдың Құлпынай көп екен. Теріп-теріп алайық, Қалтамызға салайық Әліппе-дәптердегі тапсырманы орындату.Қорытындылау.</p> <p>3.Дене шынықтыру. Тақырыбы: Ақылдылар (негізгі қимылдар) Допты алып жүру (қашықтық 5м)жаттығуымен таныстыру.</p>	<p>Бөлінбейді іргеміз , Әрқашанда біргеміз! Әрқашан тілектес Досыңа көмектес. Балалар шенбер жасап тұрады, тәрбиешімен бірге сөздерді қайталайды. Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. Шаңқ – шұңқ еткен үні жоқ, Сусыз оның күні жоқ, Жүріп кетсе соңында, Қалып жатқан ізі жоқ. - Бұл не балалар? Дидактикалық ойын: Балық қайда өмір сүреді? тәрбиеші мына сөздерді айтады: суда, үйде, көлде, жерде, теңізде, жағада, бөлмеде, өзенде, қорада, орманда, далада. . . -Балалар, балық жануарлардан несімен ерекшеленеді? -Балық –суда тіршілік етуге бейімделген. Құрғақта өмір сүре алмайды. Балықта өкпе жоқ, олар желбезегі арқылы демалады. Балық түрі өте көп. -Балықтарды үйде қалай өсіреміз? -Оған қандай жағдай жасау керек? Педагог балықтың суретін көрсетіп, дене құрлысына талдау жасайды. Суреттен балықтың желбезегін, жүзбеқанатын, құйрығын, қабыршақтарын көрсетеді. Олардың қандай қызмет атқаратынын сұрайды. -Балалар, балықтарды адамдар не үшін аулайды? Оның қандай пайдасы бар? -Балықтар азайып кетпеуі үшін оған қандай жағдай жасау керек? -Адамдардың дұрыс қарамауынан өзен түбіндегі балықтардың бәрі қашып кетіпті. Біз осы өзен түбіне балықтарды жасап жіберіп, өз қамқорлығымызға алайық. Алдымен бойымызды сергітіп алайық.</p>	<p>4. Музыка Тақырыбы: «Гүлдене бер, Астана» Мақсаты: Музыкалық шығарманың кіріспесі мен қайырмасын ажырату Тыңдау: «Балалық шақ әлемі». (муз.М.Күзембаев, Г.Жотаева) Ән айту. «Балдырғандар әні» (муз мен сөзі Г.Жотаева) Тыңдау: «Балалық шақ әлемі». (муз.М.Күзембаев, Музыкалық ырғақты қозғалыс «Соқыртеке»</p>	<p>Бірге жаттаймыз. Берекесін сыйлауға, Өлкемізге күз келді. Жемістерін жинауға, Шақырады біздерді. Жұмбақтар жасыру Қалың киімді ұнатады, «Пияз» Бұйра тұлымы желмен ойнайды, Қызыл мұрынды жерге бойлайды «Қызылша» Әрі қызыл, әрі тәтті, Татқан жанды таңырқатты. «Алма» Терісі сары, Еті дәрі. «Лимон» Сергіту сәті. Д О: «Кім жылдам?» Ойын шарты: Көкөністер мен жемістерді тез жинап ажыратып алу. Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау.</p>	<p>Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз.</p> <p>Бұршік шашып, жапырақ ашып, Даланы гүлдер басады. Сұлу көктем есігін ашып, Шуағын бізге шашады. Жұмбақтар шешу. Ортасы қылдырықтай Екі басы жұдырықтай. Құмырсқа Гүл ұшып гүлге қонады, Гүл бақшам гүлге толады. Көбелек. Сергіту сәті. Табиғатты ластама. Құстың ұясын бұзба Ағашты рұқсатсыз кеспа.</p> <p>4.В.к Логика әлемі. Тақырыбы: Нүкте. Сәуле. Бұрыш. Кесінді. Мақсаты: «нүкте», «сәуле», «бұрыш», «кесінді» түсініктерін қалыптастыру.</p>
--	--	---	---	--

өбел

/

Құм

/

Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттықтыру.
«Мен өте жақсымын» ойын-жаттығуы.
Алдымен «Мен» дегенді сыбырлап, одан кейін «өте» дегенді, одан кейін «жақсымын» дегенді сыбырлап айту қажет. Соңында «Мен өте жақсымын!» сөйлемді толық айтады.
«**Кім зейінді?**» ойын-жаттығуы. Педагогтің бұйрығы бойынша тізбек және сапқа тұрады. Сапқа тұруды қыздар мен ұлдар бөлек орындайды. Педагогтің сол жағына қыздар, оң жағына ұлдар сап түзеп тұрады. Педагогтің бұйрықтарын жылдам орындап, сапты бұзбауға тырысады.
Сызық алдына екі тізбекке тұрады.
Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындату
Еденнен 50 см биіктікке көтеріп, көлбеу қойылған саты тепкішектерімен еңбектеп жүру. Екі аяқпен заттар арасымен (арақашықтықтары – 1 м) секіру. Сызықтан модульге дейінгі қозғалыс барысында арақашықтықтарын сақтайды. Модульді оң немесе сол жақтан айналып өтіп, тізбекке жүгіріп келеді. Содан кейін келесі бала еңбектейді. (3 рет).
4.Мүсіндеу:
Тақырыбы: Биші Әйгерім
Мақсаты: Затқа қарап және елестету арқылы, ермексаздың, сазбалшықтың және басқа да материалдардың бүтін бөліктерін соза отырып, түрлі пішіндегі, көлемдегі таныс заттарды

Сергіту сәті.
Балық суда жүзеді,
Жып - жылтыр боп бүйірі,
Қолға түспей қашады,
Ұстағым кеп шаршадым.
Тәрбиеші балықты жасау тәсілін көрсете отырып түсіндіреді.
-Жұмысты топтарға бөлініп істейміз.
Домалақтанған ермексазды созу арқылы сопақша пішінге келтіреміз.
Үш жағы сүйірленіп келген сопақша пішінді тақтайша бетіне қойып, алақанмен жаншу арқылы жалпақтаймыз. Енді балықтың жүзбеқанатын, құйрығын жасап аламыз. Оларды денесіне біріктіреміз. Кішкентай көз жасап, басына орналастырамыз. Аузын ермексаз кескішпен белгілеп көрсетеміз. Кескішпен денесіне қабыршақтың суретін салып шығамыз. Енді әр топ өздері жасаған балықтарын судың ішіне орналастырады.
- Біз бүгін не істедік?
- Балық несімен дем алады?
- Балықтың несі жоқ?
- Балықтың денесін не жауып тұрады?
- Жарайсындар, балалар, жасаған балықтарың әдемі шығыпты.

мүсіндеу. Ойыншықтардың әр түрін мүсіндеуге, жеке жұмыстарды қосып мүсіндеуге үйрету.

Шаттық шеңбері.

Тілегіміз тыныштық,

Ашық болсын көк аспан!

Мықты болсын іргеміз,

Бәрімізде біргеміз.

Алақай, қараңдаршы, қандай көп ойыншықтар!

-Әдемі және әртүрлі әсем жасалған қуыршақтар көп екен.

-Кәне, сен мәшинені жүргізіп көрші.

-Ал сен қуыршақтың дауысын тыңдашы. Ол не дейді?

-Мына қуыршақтар билейді екен. Қандай тамаша! Бұл ойыншықтар зауытта

жасалған, дүкендерде сатылады. Енді өзіміздің іні-

қарындастарымызға ойыншықтар жасап, қуантсақ деймін. Сендердің жасаған ойыншықтарыңды көріп, ата-аналарың да риза болсын. Өз қалауларың бойынша орындарымызға жайғасып жұмыс жасауға кірісеміз.

Педагог балалармен бірге адам бейнесінің суреттерін қарайды, олардың дене мүшелерінің орналасуына көңіл бөледі. Қимыл-қозғалыстарды сөзбен айтып жеткізулерін сұрайды. Ермексаздан осындай өздеріне ұнаған бейнелерді мүсіндеуге тапсырма береді.

Сергіту сәті:

Балалар жұмысқа

	кіріседі. Балалар адам бейнесін мүсіндеудің жолдарын өздері қарастырады. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.				
Серуен, бақылау	Серуен №1	Серуен №2	Серуен №3	Серуен №4	Серуен №5
Баланың даму картасы	дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту. қабылдай көркем шығармаларды эмоционалды білу.	Жұмбақтар жаттату.	мазмұнды композицияның бейнесін салу дағдыларын игерту.	Өлең жолдарын айту.	мазмұнды композицияның бейнесін салу дағдыларын игерту.
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру				